

**Уржар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 18 қазандағы № 9-133/VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 қарашада № 24977 болып тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 26.10.2022 № 19-320/VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16 бабы 4) тармағына сәйкес, Уржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Уржар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алудың тәртібі мен мөлшері, осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 26.10.2022 № 19-320/VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**2. Алынып тасталды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 26.10.2022 № 19-320/VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Уржар аудандық мәслихатының шешімдерінің 2 қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Уржар аудандық мәслихатының хатшысы

К. Карапев

Уржар аудандық мәслихатының

2021 жылғы 18 қазандағы

№ 9-133/VII шешіміне

1 қосымша

**Уржар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері**

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 26.04.2023 № 2-29/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Осы Үржар ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік - еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) бекітілген "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі - шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.

2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеуді (бұдан әрі - оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу) "Абай облысы Үржар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүгедектігі бар баланың үйде оку фактісін растайтын оку орнының анықтamasы негізінде жүргізеді.

Ескеरту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 20.09.2023 № 5-112/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң колданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (толық мемлекеттің қамсыздандыруындағы мүгедектігі бар балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедектігі бар балалардан басқа) отбасының табысына қарамастан мүгедектігі бар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де занды өкілдеріне беріледі.

4. Шығындарды өтеу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі.

5. Шығындарды өтеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедектігі бар баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедектік мерзімінің аяқталуы, мүгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мүгедектігі бар баланың қайтыс болуы), төлем тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

6. Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін өтініш беруші "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы уәкілдеп органға немесе "электрондық үкімет" веб-порталға шығындарды өтеу осы Қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі - тізбе) көрсетілген құжаттарды қоса шығындарды өтеу Қағидаларының 1 немесе 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді

Өтініш беруші мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша төлемді тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы

жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және шығындарды өтеу Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 20.09.2023 № 5-112/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері әр мүгедектігі бар балаға ай сайын төрт айлық есептік көрсеткішке тең.

8. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеуден бас тарту негіздері шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшаның тоғызыншы жолында көзделген.

Үржар аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 18 қазандагы  
№ 9-133/VII шешіміне  
қосымша 2

### **Үржар аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі**

1) "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау туралы" 2016 жылғы 4 қазанындағы № 7-72/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4726 болып тіркелген);

2) Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қазанындағы "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау туралы" № 7-72/VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 31-324/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-18-165 болып тіркелген);

3) Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қазанындағы "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау туралы" № 7-72/VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2019 жылғы 28 қарашадағы № 46-519/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6398 болып тіркелген);

4) Үржар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қазанындағы "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын айқындау туралы" № 7-72/VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 26 ақпандағы № 50-581/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6757 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК